

Астана қаласы әкімдігінің «№ 67
гимназия» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны

Государственное коммунальное
предприятие на праве
хозяйственного ведения
«Гимназия № 67» акимата города
Астана

БҰЙРЫҚ

06 қыркүйек 2023 жыл № 193/2

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

**2023-2024 оқу жылында
гимназияда тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы**

«Астана қаласы білім басқармасы» ММ-нің 06.09.2023ж. №1871 бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

ГИМНАЗИЯДА:

Білім беру мекемелерінің басшыларына:

1. Жекелендірген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыруды ұйымдастырудың жауапкершілігі жүктелсін. Жауапты: әлеуметтік педагогтар А.Алжаппарова, Г.Нұртай, бастауыш сынып оқу орынбасарлары Г.Бектемирова, Т.Боранбаева ;
2. Әр айдың 1-не дейін мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысының есебі Астана қаласы Білім басқармасының Экономика және мемлекеттік сатып алулар бөліміне тапсырылсын. Жауапты: әлеуметтік педагогтар А.Алжаппарова, Г.Нұртай;
3. Ашықтықты қамтамасыз ету барысында, ата-аналар қоғамының өкілдері Бракераждық комиссия құрамына енгізілсін. Жауапты: тәрбие орынбасары Г.Оналбаева;
4. Бракераждық комиссия құрамы білім беру ұйымдары Басшыларының төрағалығымен бекітілсін. Жауапты: тәрбие орынбасары Г.Оналбаева;
5. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналастырылсын. Жауапты: әлеуметтік педагогтар А.Алжаппарова, Г.Нұртай, медбике А.Утегенова, асхана меңгерушісі А.Сейлканова;
6. Білім беру ұйымдарындағы тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және әдістемелік ұсыныстарына сәйкес санитарлық эпидемиологиялық талаптардың орындалуы жүзеге асырылсын. Жауапты: медбике А.Утегенова, асхана меңгерушісі А.Сейлканова;
7. Асханадағы кезекшілік кестесіне білім қызметкерлері бекітілсін, оқушыларды кезекшілікке тартуға тыйым салынсын. Жауапты: бастауыш сынып оқу орынбасарлары Г.Бектемирова, Т.Боранбаева ;
8. Тамақтанудың кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескеріп, сабақ арасындағы қоңырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін. Жауапты: бастауыш сынып оқу орынбасарлары Г.Бектемирова, Т.Боранбаева;
9. Буфеттің жылдамдатып қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бөлігі

бойынша жұмысы ұйымдастырылсын (қызмет көрсету персоналының, кассир мен сатушылардың санын оқушылардың контингентіне байланысты қарастыру). Жауапты: асхана меңгерушісі А.Сейлканова;

10. Сапалы тамақтандырудың ұйымдастырылуы бойынша ақпарат тоқсан сайынғы педагогикалық кеңес отырысында қаралсын. Жауапты: әлеуметтік педагогтар А.Алжаппарова, Г.Нұртай;

11. Интернет – ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) жөнінде ақпарат берілсін. Жауапты: әлеуметтік педагогтар А.Алжаппарова, Г.Нұртай, асхана меңгерушісі А.Сейлканова;

12. Тамақтанудың сапалылығының есебі ата-аналар қоғамының алдында уақтылы берілсін. Жауапты: әлеуметтік педагогтар А.Алжаппарова, Г.Нұртай, асхана меңгерушісі А.Сейлканова;

13. Тұрғын емес үйлерді (асханалар мен буфеттер) жалға беруге келісім жасау үшін тамақтандыруды ұйымдастыру қызметі бойынша жабдықтау жөнінде қажетті ақпаратты қаланың мемлекеттік коммуналдық мүлкі басқарудағы өкілетті органына («Астана қаласының активтер және мемлекеттік сатып алулар басқармасы» ММ) уақытында берілсін. Жауапты: есепші Ж.Кенжебаева

14. Буфеттегі тамақтану бағасы (прейскурантта көрсетілген бағадан көтерілмеуін) бақылауға алынсын. Жауапты: директордың м.а Г.Б.Оналбаева, асхана меңгерушісі А.Сейлканова;

15. Оқушыларды тамақтандыру жүйесі Білім беру ұйымдарына қойылатын Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес (газдалған сусындар, фастфуд, шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б. алынып тасталсын) ұйымдастырылсын. Жауапты: медбике А.Утегенова

16. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың тәрбие ісі орынбасары Г.Оналбаеваға жүктелсін.

17. Бұйрықты орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Негіз: «Астана қаласы білім басқармасы» ММ-нің 06.09.2023ж. №1871 бұйрығы

Директордың міндетін у.а



Г.Б.Оналбаева